

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру рыногында актуарлық қызметті жүзеге асыру, актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қолданылуын тоқтату және қайтарып алу, актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы ережені бекіту жөнінде" 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 120 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 154 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 8 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 4384. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 151 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 151 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Сақтандыру рыногында актуарлық қызметті реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының « "Сақтандыру рыногында актуарлық қызметті жүзеге асыру, актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қолданылуын тоқтату және қайтарып алу, актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы ережені бекіту жөнінде" 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 120 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1532 тіркелген), Агенттік Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 38 қаулысымен (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2753 тіркелген), Агенттік Басқармасының 2004 жылғы 27 қарашадағы N 320 қаулысымен (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3306 тіркелген), Агенттік Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3725 тіркелген) енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру рыногында актуарлық қызметті жүзеге асыру, актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қолданылуын

тоқтату және қайтарып алу, актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі
т у р а л ы е р е ж е д е :

"Актуарийлерді оқытудың ең төменгі бағдарламасы" деген 5-қосымшада:
екінші абзацтағы»"2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап" деген сөздер»"2008
жылдың 1 қаңтарынан бастап" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік
тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын
қадағалау департаменті (Қарақұлова Д.Ш.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан
Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын
қ о л ғ а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік
тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі
бөлімшелеріне,»"Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар
бірлестігіне, сауда-саттықты ұйымдастырушыға, актуарийлерге және сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

4. Агенттіктің Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс
бөлімі (Пернебаев Т.Ш) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық
ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары
Ғ.Н.Өзбековке жүктелсін.

Төраға